

"Астық нарығына қатысушыларға қосылған құн салығының асып кеткен сомасын оңайлатылған қайтару жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 17 қарашадағы № 1188 бүйрігіне өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2023 жылғы 17 шілдедегі № 771 бүйрігі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 19 шілдеде № 33111 болып тіркелді

БҮЙЫРАМЫН:

1. "Астық нарығына қатысушыларға қосылған құн салығының асып кеткен сомасын оңайлатылған қайтару жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 17 қарашадағы № 1188 бүйрігіне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25209 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бүйріқпен бекітілген, Астық нарығына қатысушыларға қосылған құн салығының асып кеткен сомасын оңайлатылған қайтару жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру қағидалары мен мерзімдерінде:

3-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Qoldau.kz веб-порталындағы тіркеу ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – "Qoldau.kz" АЖ) – тіркеушінің астық өндірісін, сақтауды, өткізуді, қайта өндеуді, экспортын және импортын есепке алуға арналған ақпараттық жүйесі;".

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйріқтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйріқтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бүйріқ Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйріқ алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК